

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

Мұғалім 4: «Әзірге Қазақстанның білім беру саласын бәсекеге қабілетті деп айта алмаймын. Көптеген жаңа өзгерістер еңгізіліп жатыр. Өзгерістің нәтижесін тез арада көру мүмкін емес. Себебі, мұғалімдер әлі ұйымдардың белгілеген анықтамаларына тәуелді, өзі оқу жоспарына өзгеріс еңгізетіндей біліктілігі жоқ»

Сонымен, қорытындылай келе, зерттеу нәтижесінде біз елордалық мектептердегі білім берудегі теңсіздікке әсер ететін бірнеше факторларды анықтадық. Елорда жастары әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан білімге басымдық береді, бұл білім берудегі теңдікке қол жеткізудің оң факторы болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен оқушылардың оқу үлгерімдері ата-ананың қадағалауының жоқтығынан төмендейтінін білдік. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, мектепке дейінгі білім беру деңгейі орта білім берудегі теңсіздікке әсер етеді. Елордада селективті білім беру ұйымдарының болуы да теңсіздікке әсер етуші факторлардың бірі. Білім берудегі мұндай теңсіздікті болдырмау үшін шетелдік тәжірибені қолдануға болады. Жеке меншік мектептерді қаржыландыратын көптеген елдер олардың ата-аналардан оқу ақысын алу мүмкіндігіне шектеу қояды [4]. Мысалы, Швецияда мемлекет қаржыландыратын жекеменшік мектептерде оқу ақысына толығымен тыйым салынады, ал Дания сияқты елдерде мемлекеттік қаржыландыру үлесі аз жекеменшік мектептер бар. Нормативтік-құқықтық базаның орындалуын бақылау да маңызды. Мысалы, Чилиде мемлекет қаржыландыратын жеке меншік мектептерді мемлекеттік білім беру басқармалары бақылайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ОЭСР. Взгляд на образование 2019: показатель ОЭСР. – 2019.
2. Бурдые П., Пассерон Ж.К. Репродукция в образовании, обществе и культуре. – Sage, 1990. – Т. 4.
3. Боулз С., Гинтис Х. Школьное образование в капиталистической Америке: реформа образования и противоречия экономической жизни.– Naumarket Books, 2011.
4. ОЭСР. Финансирование школьного образования: объединение ресурсов и обучения. – Париж, 2017.

ӘОЖ 316.346.2-055.2(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӘЖІК ӘЙЕЛДІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ПОРТРЕТІ

Камилова Айгерим Калдыбековна

(E-mail: kamilova_aigerim@mail.ru)

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Отар Э. С.

Аңдатпа: Қазақстан полиэтникалық мемлекет болып табылғандықтан еліміздің тұтастығын сақтау – қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Қазақстандағы этникалық топтарды зерттеу бірнеше аспектіде маңызды: біріншіден, Қазақстан әр алуан этностарға бай, олардың әрқайсысының өзіндік бірегей мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бар. Өзге этностардың мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін білу әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен сыйластыққа ықпал етеді. Этникалық топтарды зерттеу әлеуметтік интеграцияға жағдай жасауға көмектеседі және ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етеді. Екіншіден, Қазақстанда бір аумақта бірге тұратын халықтар көп. Этникалық топтарды зерттеу қоғамның ұлттық құрылымын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді және көпмәдениетті диалогтың дамуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде еліміздің саяси тұрақтылығын нығайтады. Үшіншіден, әрбір этностың өз салт-дәстүрі мен ерекше қолөнері бар, бірнеше ұрпақ айналысатын шаруашылықтары бар. Этникалық топтар мен олардың мәдени ерекшеліктерін зерттеу шаруашылық пен қолөнерді дамытуға көмектеседі, бұл өз кезегінде сан түрлі этностар мекендеген

аймақтардың экономикалық дамуына ықпал етеді. Сонымен, Қазақстандағы этностарды зерттеу елдің әлеуметтік, саяси және экономикалық тұрақтылығы үшін де маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада Қазақстандағы тәжік әйелдерінің әлеуметтік-мәдени портретін жасауға тырыстық. Ғылыми жұмыс негізінен екі зерттеу әдісіне негізделген тереңдетілген сұхбат және қатыстық бақылау. Мақалада қатыстық бақылаудан алынған зерттеу нәтижелері пайдаланылады.

Түйін сөздер: *әлеуметтік-мәдени портрет, этносаралық қарым-қатынас, этникалық азшылық, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, отбасы құндылықтары.*

Кіріспе

1991 жылы еліміз егемендік алумен жаңа дәуірге аяқ басты. Мемлекеттің өз тәуелсіздігін жариялауында өзіндік ерекшеліктер мен қиындықтар бар, ол Қазақстан үшін де қиын саяси процесс болды. Себебі, азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық қатынастардағы тұрақтылықты сақтау қиын, өйткені Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Қазақстанның этномәдени ерекшелігі оның көпмәдениеттілігі. Қазіргі таңда елімізде 15-тен астам ірі және 100-ден астам шағын этностық топтар бар, оларды ортақ азаматтық пен аумақ, тарихи отан біріктіреді, дегенмен діні, тілі, мәдениеті, өмір салты мен тұрмыс салты, басым құндылықтары оларды бір-бірінен ерекшелендіріп тұрады. Олар бір саяси алаңда өмір сүреді, мәдени диалогқа енеді және олардың құндылықтары, дәстүрлері бір-бірімен қиылысады. Барлық осы үрдістер ізсіз өтпейді, кейде олардың әсерінен мәдениеттер ассимиляцияланады, қоғамға енеді, кейде керісінше қақтығыстарға ұшырайды[1]. Бірақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында және қазіргі кезде этностардың өмір сүруінің оңтайлы жағдайын іздеу – ел басшылығының алдында тұрған күрделі міндет. Этникалық азшылық өкілдерін зерттеу тек ғылыми мақсатта ғана емес, мәдениеттерді өзара байыту және этносаралық қарым-қатынас пен тұрақтылықтың сапалы өсуіне ықпал ету үшін де орын алуы қажет.

«Әлеуметтік портрет» түсінігі заманауи әлеуметтануда кеңінен қолданылады. Алайда, бұл түсініктің жалпы ғылыми негізделген анықтамасы жоқ, әр жеке зерттеу шеңберінде әр түрлі анықталады. Сондықтан, ең алдымен, «әлеуметтік портрет» ұғымына нақты анықтама берейік. Әлеуметтік-мәдени портрет деп біз зерттелетін әлеуметтік қауымдастық өмірінің негізгі аспектілерінің тұтас сипаттауды, оның барлық құрамдас бөліктерін, сондай-ақ онымен байланысты әлеуметтік процестер мен қатынастарды жүйелі сипаттау деп түсінеміз. Әлеуметтік-мәдени портрет объектінің негізгі әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын, оның әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси көзқарастарымен, өмірдегі құндылық түсініктерін қамтиды.

Біздің жүргізген зерттеуіміздің мақсаты: Қазақстандағы тәжік әйелдерінің әлеуметтік-мәдени портретін құрастыру. Зерттеудің міндеттері: Тәжік отбасының әлеуметтік құрылымын, ондағы әйел адамның рөлін анықтау; Отбасылық қарым-қатынасты ұйымдастырудағы этностық ерекшеліктерді анықтау; Тәжік әйелдерінің әлеуметтік мінез-құлқына әсер етуші фактор ретіндегі дәстүрдің рөлі. Тәжік әйелдерінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін түсіну келесі сұрақтар арқылы анықталады: Тәжік отбасындағы басты құндылықтар қандай? Күнделікті өмірде қаншалықты салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды ұстанады? Тәжік қоғамындағы әйел адамның рөлі қандай?

Әлеуметтануда елдің этносаясатын тиімді өлшеуге болатын көптеген әдістер бар, біз зерттеу барысында эмпириялық 2 әдіс түрін қолдандық. Тереңдетілген сұхбат – ақпарат берушіден қойылған сұрақтарға толық және егжей-тегжейлі жауап алуға бағытталған зерттеу сұхбатының бір түрі. Қатыстық бақылау – болып жатқан әлеуметтік құбылыстарды, үрдістер мен оқиғаларды визуалды бақылау әдісі.

Негізі бөлім

Әлеуметтік-мәдени портрет – бұл қоғамның немесе адамдар тобының әлеуметтік және мәдени аспектілеріне негізделген басты сипаттамасы. Халықтың жекелеген топтарының, тұтас қоғамның әлеуметтік портреті осы топты немесе қоғамды құрайтын әлеуметтік топтардың қоғам иерархиясындағы орны, материалдық жағдайы, табыс деңгейі сондай-ақ

осы топқа тән әлеуметтік идеология мен әлеуметтік психология белгілерімен анықталады. Әлеуметтік портреттің негізгі компоненті – бірқатар көрсеткіштерде көрсетілген топтың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары. Әлеуметтік топтың жас ерекшеліктері мен гендерлік айырмашылықтары оның дүниетанымдық, идеологиялық және құндылық бағдарлары мен қалауларын анықтайды. Біздің зерттеуіміздің объектісі 18 жастан асқан бала тәрбиесімен айналысатын әйелдер болып табылады.

Әлеуметтік портреттің теориялық негізі неміс әлеуметтанушы М.Вебердің әлеуметтік әрекет концепциясы. Вебердің айтуынша, адамдар өз әрекеттеріне субъективті мағына бергенде ғана әрекет пайда болады. Әлеуметтік стратификацияның қазіргі заманғы теориясында адамның әлеуметтік анықтамасының негізгі критерийі таптық емес, өмір сүру мүмкіндігіне әсер ететін экономикалық кеңістіктегі позиция болып саналады. Жеке тұлғалардың статустық позициялары оларды жиынтықтарға топтастыруға мүмкіндік береді, олардың әрқайсысының өзіндік бейнесі мен өмір салты, артықшылықтары және т.б. [2].

Белгілі бір әлеуметтік топтың әлеуметтік портретінің маңызды сипаттамасы оның әлеуметтік көңіл-күй болып табылады. Ең жалпы түрінде әлеуметтік көңіл-күй әлеуметтік субъектінің өмірдің әртүрлі аспектілеріне қанағаттануын немесе қанағаттанбауын сипаттайтын интегралды көрсеткіш болып есептеледі. Субъектінің талаптары мен оларды жүзеге асыру дәрежесі арасындағы байланысты көрсететін әлеуметтік көңіл-күй жеке адамның да, әлеуметтік топтың да қоғамдағы жағдайын сипаттайды. Әлеуметтік көңіл-күй адамның өз өмірін, өмірінің барлық салаларындағы жетістіктері мен сәтсіздіктерінкәсіби, білім беру, отбасылық, бос уақытты, коммуникативті рефлексияның белгілі бір нәтижесі ретінде санаймыз [3].

Ж. Т. Тощенко мен С. В. Харченконың әлеуметтік көңіл-күй концепциясы әлеуметтік әл-ауқатты зерттеудегі әлеуметтанулық тәсілдің қызықты мысалы болып табылады. Әлеуметтік әл-ауқат бұл ұғымға әлеуметтік көңіл-күйдің негізгі элементі, бірінші деңгейі ретінде сәйкес келеді және «...ағымдағы білім, эмоциялар, сезімдер, тарихи жады және қоғамдық пікірді» қамтиды» [4]. Бұл концепцияда әлеуметтік әл-ауқат адамның әлеуметтік көңіл-күйін, оны қалыптастырудың белгілі бір негізі, бастапқы құрылымдық элементі қызметін атқарады. Әлеуметтік әл-ауқаттың нәтижелі көрсеткіші әлеуметтік болмыс, топ пен қоғамның мүшесі ретінде өзін-өзі сақтау қажеттілігі, сонымен қатар қоршаған микроортаның әл-ауқатының деңгейі мен дәрежесін бағалау ретінде қарастырсақ болады.

Соңғы жылдары әлеуметтік көңіл-күй индексын бағалау негізінде халықтың әлеуметтік портретінің интегралды аспектісін зерттеуге байланысты зерттеулер белсенді түрде дамып келеді [5]. Бұл жағдайда әлеуметтік портрет дегеніміз – объектінің (әлеуметтік топтың) әлеуметтік мәнінің интеграцияланған анықтамасы, оның барлық компоненттерінің сипаттамаларын, сондай-ақ онымен байланысты әлеуметтік процестер мен қатынастарды қамтиды. Әдетте, бұл объектінің негізгі әлеуметтік және демографиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси көзқарастарын, құндылық бағдарлары мен қалауларын ескереді.

Тәжіктер – парсы тілінде сөйлейтін ирандық ұлт, Тәжікстанның байырғы халқы. Тәжіктер Тәжікстанда, Өзбекстанда, Ауғанстанда, сонымен қатар Қазақстанда, Түрікменстанда, Ресейде, Иранда тұрады. «Тәжік» термині, әсіресе, белгілі «парсы» атауына байланысты біраз талқылауды және нақтылауды қажет етеді. Жалпы алғанда, оны қолдануға қарсы болуы мүмкін, өйткені кең мағынада тәжіктер мен парсыларды біртұтас халық ретінде қарастыруға болады, бірақ тарихи оқиғалар парсылар мен тәжіктер арасында нақты айырмашылықтар тудырғанын мойындау керек және оларды елемей мүмкін емес. Дегенмен, кейбір тұстарда «тәжік» және «парсы» сөздерінің тарихта талай рет виртуалды синонимдер қызметін атқарғандығы қызық. «Тәжік» термині арабтардың Тай тайпасының атынан шыққан және VII ғасырда мұсылман емес ирандықтар араб мұсылман басқыншыларына қатысты қолданған. Жергілікті ирандықтар бірте-бірте өсіп келе жатқан мұсылман қауымдастығына қосыла бастады және «тәжік» өзінің ерекше этникалық мағынасын жоғалтты және жалпы мұсылмандарға қатысты, әсіресе мұсылман әскерлері пұтқа табынушы

түріктерге қарсы күреске жиі қатысқан шығыс Иранда қолданылды. VIII ғасырдың бірінші жартысында арабтар бастаған мұсылмандар Соғдының Трансоксиана жерін жаулап алған кезде, солдаттардың көпшілігі этникалық ирандықтар болды, сондықтан «тәжік» «ирандық» дегенді білдіреді. Исламды қабылдады» [6].

Қазақстан аумағындағы тәжік этносының тарихы XX ғасырдың 20-жылдарынан басталады. Кеңес өкіметі жергілікті суармалы егіншілікті дамыту мақсатында бірнеше мың тәжіктерді отбасымен Қазақстанның оңтүстігіне қоныстандырды. Қалған тәжіктер бұрын игерілмеген колхоздық жерлерге қоныстанды, олар бірнеше ондаған жылдар ішінде игерілмеген жерлерді бау-бақшаға айналдырды. XX ғасырда Өзбекстанның Фариш аймағының тәжіктері Мақтааралдың жерлерін маусымдық жұмысқа жалға ала бастады. 1930-1940 жылдар аралығында тәжіктер тұрақты негізде Фирдоуси, Мақтаарал өңірлеріне көшіп келді. 1955 жылы Бостандық өңірі Өзбекстанға өткеннен кейін тәжіктер Сарыағаш аймағына қоныс аудара бастады. 1956 жылы Тәжікстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен тәжіктер Фирдоуси ауылына қоныстандырылды. Олардың біразы Жетісай өңіріне туыстарын іздеп қоныс аударған. Қазір тәжіктер анклавты негізінен Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара және Жетісай өңірлерінде тұрады.

Оңтүстік Қазақстан республикасының біртұтас территориялық аймағы ретінде көпұлтты құрылымға ие. Ұзақ өмір сүру қазақ қоғамында толеранттылықтың тұрақты дәстүрін қалыптастырды. Дегенмен Оңтүстік Қазақстан республикадағы өзге аймақтарға қарағанда өзіндік мәдени, өндірістік, ұлттық ерекшелігі бар аймақ және мұнда жергілікті ұлттың басымдығымен бірге, оның облыстағы өзге ұлттармен өзіндік колоритін сақтай отырып, қоғамның экономикалық, саяси, рухани, әлеуметтік жүйелеріндегі аспектіде интеграциялануы тән.

Зерттеу мақсатында бірінші кезекте Түркістан облысы Жетісай ауданындағы Әл-Фараби ауылына зерттеу тобымен бардық. Әл-Фараби ауылында тәжіктер оқшауланып өмір сүреді. Жалпы ауыл халқы оңтүстік Қазақстан тұрғындары сияқты қонақжай. Ауыл жағдайы салыстырмалы түрде нашар, тазалық деңгейі төмен. Көп үйлердің аулаларында саздан жасалған нан пісіретін ошақтары бар, көбісі диқаншылықпен және мал шаруашылығымен айналысады. Әйел адамдар өз жасынан үлкен көрінеді, қарапайым киінеді, ылғи дәстүрлі үлгідегі орамал тағады. Отбасында мұсылмандық дәстүрлерді ұстанады, Фирдоуси ауылымен салыстырғанда әйел адамдар әлде қайда еркін өмір сүреді, жұмыс істеуге құқылы, үйден жалғыз өздері шыға береді, отбасыларда бірнеше әйел алу кездеседі.

Фирдоуси ауылы – Түркістан облысы Мақтаарал ауданы, Жаңажол ауылдық округі құрамындағы тәжіктер тұратын ауыл. 2020 жылғы Мақтаарал ауданындағы су тасқынынан кейін елді мекенде 302 үй 17 миллион теңге өтемақыны алу үшін мемлекетпен келісімшартқа тұрған, соның нәтижесінде ауылда жаңа үйлер көп. Бұл жерде дін үлкен рөл атқарды, ауылды көпшілігі «молда ауылы» деп атайды, атақты дем салатын молдалар бар. Ауыл мұсылмандық дәстүр мен өмір сүру қағидаларын негізге ала отырып шешім қабылдап өмір сүреді. Қазіргі кезде әйелдердің теңдігі, қоғамдағы рөлі толық деңгейде айқындалып келеді, соған қарамастан елді мекендегі әйелдердің жағдайы нашар. Әйел адамдар, кішкентай қыздарда орамал (хиджаб, кейбіреулері паранджа) таққан, күйеуі немесе жақын туыстарысыз көшеге шығуларына, бейтаныс адамдармен күйеуінің рұқсатынсыз сөйлесуге болмайды. Әйел адамдар өз жастарынан үлкен көрінеді, олар тек қана үй шаруасымен айналысады. Жаңа түскен келіндер ұлттық атрибуттағы жылтыр, оюлы киімдер киеді, әйелдер мүлдем шалбар кимейді, ер адамдар көбінесе молдалар сияқты киінеді, сақал қойған. Ауыл тұрғындары арасында жасы үлкен және орта буын әсіресе әйелдер қазақ тілін білмейді, тек қана ер адамдар таза қазақ тілінде сөйлей алады. Ер адамдар келген қонақтарға қызмет етеді: дастархан жаяды, шәй құяды. Отбасыларда бірнеше әйел алу, зорлық-қомбылық кездеседі. Отбасылардың көбі көпбалалы және мүгедектік жиі кездеседі. Туған-туыстар бір аулада немесе көрші болып тұрады.

Қорытынды

Тәжіктердің әлеуметтік-мәдени портретінің басты белгілерінің бірі – отбасылық-туыстық қатынастардың берік байланысы. Тәжіктер үшін отбасы қоғамның тірегі және олар әдетте үлкендерді құрметтеу және жақындарына қамқорлық жасау сияқты дәстүрлі отбасылық құндылықтарды ұстанады. Көп жағдайда тәжіктер бірнеше ұрпақ болып бірге өмір сүреді. Түркістан облысының барлық тәжік отбасылары патриархалды қатынастарға негізделгендіктен отбасының басшысы ер адам болып табылады. Барлық маңызды шешімдерді ер адам қабылдайды, сондай-ақ отбасылық қаражатты бөлу ер адамның билігінде. Әйел адамдар үй шаруашылығымен және бала тәрбиесімен айналысады.

Тәжіктердің әлеуметтік-мәдени портретінің маңызды аспектісі – ислам діні. Жүргізілген бақылау нәтижесі бойынша ең діндар тәжіктер Фирдоуси ауылында өмір сүреді. Бұл ауыл тұрғындары күнделікті өмірде ислам дінінің заңдылықтарын негізге алады, шешім қабылдауда шариғат заңына сүйенеді. Әл-Фараби ауылының тұрғындары негізгі діни рәсімдерді орындамайды, кейбір рәсіптерді онда-санда орындайды, олар дінді мәдениет деп қабылдайды. Тәжіктер Наурыз (көктемнің бірінші күні) және Ораза айт (рамазан айының соңы) сияқты мерекелерді жыл сайын тойлайды.

Жалпы, тәжіктердің әлеуметтік-мәдени портреті отбасылық-туыстық қарым-қатынастың берік байланысымен, салт-дәстүр мен мәдениетті құрметтеумен, сондай-ақ ислам дінінің күнделікті өмірге және жалпы қоғамға күшті ықпалымен ерекшеленеді. Дін – жеке өмір мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты реттейтін негізгі құндылықтардың бірі, ол отбасылық қатынастарды реттеуде, сондай-ақ қоғамдағы әйелдердің рөлі мен қызметін реттеуде маңызды рөл атқарады. Тәжіктердің отбасыларында ер адам көбінесе мұрагер және отбасының негізгі мүшесі болып саналады. Қыз балаларды жастайынан үйде ата-анаға, тұрмысқа шыққаннан кейін күйеулеріне бағынуға, қызмет етуге үйретеді. Дәстүрлі әлеуметтік құрылым мен отбасылық түсініктер ерлердің құқықтарын шексіз кеңейтті. Бұл отбасылық қарым-қатынас үлгісі әйелдер физиологиясы мен психологиясына үлкен зиян келтіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстандағы этносаясаттың әлеуметтік өлшемдері. Әдістемелік құрал / Нұр-Сұлтан: Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты, 2021. – 7 б.
2. The ontology of the questionnaire: Max Weber on measurement and mass investigation/ Volume 32, Issue 4, December 2001, Pages 647-684.
3. Социальный портрет мастера производственного обучения: коллективная монография/ О. И. Власова [и др.]; под науч. ред. Т. В. Пермяковой, В. А. Копнова. Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2015. – 15 с.
4. Тощенко Ж. Т., Харченко С. В. Социальное настроение / М.: Academia, 1996. – 21 с.
5. Социальный портрет населения: методология, основные характеристики/ П.О. Ермолаева, Е. П.Т. Носкова, М.Р. Зайнуллина, А.И. Купцова, А.М. Нагимова.– Казань: Издательство «Артифакт», 2014. – 92 с.
6. Richard Foltz. A History of the Tajiks: Iranians of the East / I.B. Tauris, 2019. – 256.